1.5. Қазақстан Республикасы заңы мен Конституциясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі, кітапхана жұмысы мен білімге байланысты сұрақтар бойынша білім басқару ұйымдарының барлық деңгейі; еңбекті қорғау нормалары мен ережелері, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы қорғаныс, сонымен қатар білім басқармасының жергілікті құқықтық актісі мен Жарғысы(соның ішінде ішкі еңбек ережелерінің тәртібі, директордың бұйрығы мен әмірі, нақты қызметтік нұсқаулық), еңбек келісімшартын жетекшілікке алады.

**2. Лауазымдық міндеті**

Кітапхана қызметінің негізгі бағыттары:

2.1. Білім мекемесінде оқу - тәрбие процесін ақпаратпен қамтамасыз ету.

2.2. Оқырманды кітап оқуға және мәдениет мекемелері ретінде ұйымдастыру.

**3. Қызметтік міндеттер**

Кітапханашы келесі қызметтік міндеттерді орындайды:

3.1 Білім мекемелерінде кітапханашы кітапхана қорын жинақтауға, өңдеуге каталогтарды және басқа да кітапханалық-анықтамалық аппараттардың элементтерін ұйымдастыру мен қолдануға сәйкес кітапхана үрдісін қамтамасыз ету жұмыстарын атқарады;

3.2. Каталогтар, картотекалар, оқу бұрыштарында тақырыптық бөлімдер және әдеби шолуларды ұйымдастырады;

3.3. Оқушыларды және білім мекемесіндегі қызметкерлерге абонементте оқу залдарында қызмет көрсету , оқырмандармен жеке бұқаралық жұмыстар жүргізу, (даталы күндерге көрме, әр түрлі іс шаралар) Қор жағдайы мен оқырмандар сұранысын зерттеу;

- 3.4. Есепке алуды және белгіленген есеп беруді ұйымдастырады;
- 3.5. Кітапхана қорының сақталуына, кітаптарды түгендеу, ескірген кітаптарды есептен шығару ереже бойынша жүргізу;
- 3.6. Кітапхана қорынан жоғалтқан, зиян келтірген әдебиеттерге оқырмандарға шара қолдану;
- 3.7. Басқа кітапханалармен тығыз байланыста болу;
- 3.8. Білім мекемесінде мерзімдік басылымдарды жүргізу және басылымды уақтылы жеткізу жұмыстарын қадағалау;
- 3.9. Кітапхананы жабдықтармен, өндіріс құралдарымен, кітапханалық техникалармен қамтамасыз ету;
- 3.10. Оқырман конференциялар, әдеби кештер және басқа іс - шаралар ұйымдастыру.
- 3.11. Кітапханада еңбек және техника қауіпсіздігі, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін, санитарлық-гигиеналық режимді сақтау;

#### **4. Құқықтары**

Кітапхана меңгерушісі мынадай құқықтарға ие:

- 4.1. Білім беру мекемелеріндегі қызметкерлермен оқырмандарға кітапхананы пайдалану ережелеріне қатысты мәселелер бойынша орындалуы міндетті нұсқамалар беруге;
- 4.2. Кітапханадағы ағымдық жұмыстарды кіші қызметкерлерге бағыт беріп отыру;
- 4.3. Білім мекемелеріндегі педагогикалық кеңеске қатысу;

#### **5. Жауапкершілігі**

- 5.1. Кітапханашы білім мекемесінің ішкі еңбек кодексі мен Жарғысына, білім мекемесі директорының заңды әмірі мен жергілікті құқықтық актісі, құқықтық міндеттерін себепсіз орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының еңбек кодексімен сәйкес жауапкершілікке тартылады;
- 5.2. Білім мекемесіндегі өз лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты немесе білім беру процесін қатысушыларға келтірген зияны үшін кітапхана меңгерушісі еңбек және азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіппен жауапқа тартылады;
- 5.3. Білім мекемесіндегі сақтауға алынған кітаптар жоғалған немесе бүлінген жағдайда, бұл оның кінәсінен еместігі дәлелденбесе, кітапхана меңгерушісі жасалған жазбаша шарттың негізінде ішінара материалдық жауапкершілікке тартылады.

#### **6. Өзара қарым-қатынас және лауазым бойынша байланыс**

Кітапханашы:

- 6.1. Білім мекемесіндегі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 77 бап директордың бекітілген графигі бойынша жұмыс істейді;
- 6.2. Білім мекемесіндегі директор мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының бұйрығымен уақытша мұғалімдер мен сынып жетешілердің орнын ауыстыруға болады;
- 6.3. Мұғалімдер мен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қол қойған оқулықтарға тапсырысты рәсімдейді, жаңа құжаттардың келіп түсуін рәсімдейді;
- 6.4. Оқушылармен, мұғалімдермен, білім алушы балалардың ата-аналарымен (заңды өкілдермен) тығыз байланыста жұмыс істейді; әкімшілігімен және педагог қызметкерлермен өз құзіретіне енетін мәселелер бойынша жүйелі түрде ақпараттар алмасып отырады.

**7. Білуге міндетті:** Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Білім туралы»,

«Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және білім беру ұйымдарының қызметі мәселелері жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді; жоғары тұрған органдардың кітапхана жұмысы туралы жетекші құжаттарын; кітапхана жұмысының негізін; библиографияны, негізі кітапханалық-технологиялық үрдістерді, оқырмандармен жеке және жалпы жұмыстың түрлерін, әдістерін; педагогика, психология, экономика негіздерін; еңбек туралы заңнамаларды, еңбек және техника қауіпсіздігі ережелерін, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

Аял / Адебаева Атикер / 15.09.2023 ме  
(қолы) (Т. А. Ә) (күні)



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары  
К.Абдрахмановтың лауазымдық міндеттері  
2023-2024 оқу жылы**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі, 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" заңы, мектептің жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелері, жергілікті нормативтік актілер негізінде әзірленді.
- 1.2. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары қызметке мектеп директоры тарапынан тағайындалады және босатылады.
- 1.3. Кезекті еңбек демалысына шыққанда немесе уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында болғанда оның міндеттері мектеп директорының өзге орынбасарларына жүктелуі мүмкін. Бұл жағдайда міндеттерді уақытша атқару директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
- 1.4. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары жоғары білімді және әкімшілік-шаруашылық қызметі немесе басшылық лауазымдары бойынша кем дегенде 3 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар арасынан тағайындалады.
- 1.5. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары тікелей мектеп-гимназия директорына бағынады.
- 1.6. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасарына кіші қызмет көрсету персоналы, сынып жетекшілері, кабинет меңгерушілері бағынады.
- 1.7. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары өз қызметінде ҚР Конституциясын, ҚР Президенті жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен білім беру ісін басқарушы барлық деңгейдегі органдардың білім беру мекемелері бойынша әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі шешімдерін; еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сондай-ақ Жарғысы мен жергілікті құқықтық актілерді (соның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, осы лауазымдық нұсқаулықты), еңбек шартын (келсім-шартын) басшылыққа алады.  
Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары Бала құқықтары туралы конвенцияны сақтайды.
- 1.8. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары компьютерді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ғаламдық Internet желісін пайдаланудың тиімді тәсілдерін меңгеруі тиіс.
- 1.9. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары қызметтен босаған кезде директорының бұйрығы бойынша тағайындалған тұлғаға істерді акті бойынша өткізеді. Істерді тапсыру қызметтен босау мезгіліне, жұмысқа жарамсыздық парағының болуына және басқа да себептерге қарамастан 5 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

## 2. Функциялары

Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары атқаратын негізгі қызмет бағыттары.

- 2.1. Шаруашылық қызметін ұйымдастыру, оны басқару және бұл қызметтің дамуын қадағалау.
- 2.2. Оқу процесін материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету.
- 2.3. Кіші қызмет көрсету персоналы ұжымын басқару.
- 2.4. Еңбек пен оқудың салауатты және қауіпсіз жағдайлары режимін қамтамасыз ету.
- 2.5. Ғимараты мен орын-жайларын ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіпте ұстау.
- 2.6. Оқу-тәрбие процесін коммуналдық қызметпен қамтамасыз ету.

## 3. Лауазымдық міндеттері

### 3.1. Талдайды:

- шаруашылық қажетіне бөлінген қаржылық және материалдық қаражаттың дер кезінде, орнымен және тиімді жұмсалған-жұмсалмағандығын;
- материалдық-техникалық базасының жай-күйін;
- Кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының нәтижесін.

### 3.2. Болжам жасайды:

- материалдық-техникалық базасын дамыту стратегиясына түзетулер енгізу үшін білім беру ісіндегі қаржы саясаты жағдайларының өзгеру тенденцияларына;
- материалдық-техникалық базасын жетілдіру мен дамыту жөнінде жоспарланған жұмыстардың болашақ салдары нәтижелеріне.

### 3.3. Жоспарлайды және ұйымдастырады:

- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының ағымдағы және перспективалық сипаттарын;
- техникалық және қызмет көрсету персоналдарын жұмыс орнында үйретуді және нұсқамалар беруді (алғашқы және мерзімдік);
- қажетті шаруашылық құжаттамаларын әзірлеуді;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының сапасына жүйелі түрде бақылау жасауды;
- өткізілетін емтихандар мен өзге де шаралар үшін орын-жайлар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды;
- территорияны көріктендіру, көгалдандыру және жинап тазалау жұмыстарын;
- оқу кабинеттері мен өзге де орын-жайларын оқытудың заманауи жабдықтарымен, көрнекі және техникалық құралдармен жабдықтау жөніндегі шараларды;
- білім беру процесінде өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтау жөніндегі жұмыстарды;
- орын-жайларында электр қондырғылары мен электр желілерінің, жерге қосу қондырғыларының оқшаулағыш қарсылық күштерін өлшеу, жылу желісі мен сығымдалған және сұйытылған газ түрлеріне арналған баллондар қысымында жұмыс істейтін сауыттарды мезгілдік сынақтан өткізу мен куәландыру, нормативтік талаптар мен еңбек қорғау ережелері мен нормаларына сәйкес ауа құрамындағы шаң, газ, зиянды заттар буы мөлшерін талдау, жарықты өлшеу, радиацияның, шудың бары-жоғын тексеру шараларын жүргізуді;
- директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен оқу кабинеттерін, шеберханаларды, спорт залын, сондай-ақ қосалқы орын-жайларды

паспорттау ісін дер кезінде және сапалы жүргізуді;

- медицина мекемесінен алынған материалдар негізінде уақтылы медициналық байқаудан өтіп тұруға тиісті кіші қызмет көрсету персоналы тұлғаларының тізімін жасауды; ол тізімде мерзімдік медициналық байқаудан өту қажеттігі себебін, яғни факторын көрсетуді;
- мүліктерін инвентарлық есепке алуды; мүліктерге инвентаризация жасап, есеп беру құжаттарын дер кезінде жасайды, өзіне бекітілген жұмыс учаскесі бойынша құжаттама жүргізеді;
- материалдық жауапты тұлғалардың материалдық жабдықтарды дер кезінде есептен шығару жұмыстарын;
- кем дегенде 5 жылда 1 рет техникалық персоналға арналған жұмыс түрлері бойынша еңбек қорғау жөніндегі нұсқаулықтар әзірлеуді ұйымдастырады;
- ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын ұйымдастырады.

#### **3.4. Үйлестіреді және жүргізеді:**

- қажетті шаруашылық құжаттамаларын;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстары мен жөндеу және материалдық-техникалық жарақтандыру ісін атқарушы сырт ұйымдар өкілдері қызметін;
- бухгалтериямен бірлесе отырып материалдық жабдықтардың есептен дер кезінде және дұрыс шығарылуын;
- техникалық персоналдың жұмыс уақыттарын есепке алуды;
- мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарттарды.

#### **3.5. Басқарады:**

- шаруашылық қызметін;
- территорияны көріктендіру, көгалдандыру және жинап тазалау жұмыстарын;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарын;
- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының ынталандыру жүйесін жүзеге асыруды.

#### **3.6. Бақылайды:**

- кіші қызмет көрсету персоналы жұмыстарының сапасын;
- материалдық жабдықтау көздерінің (жиһаздар, жабдықтар, материалдар, су, электр және жылу энергиялары, шаруашылық қажеттерне бөлінген қаржы қаражаттары және т. б.) тиімді жұмсалуды;
- білім беру процесінде пайдаланылатын жабдықтардың, приборлардың, техникалық және көрнекі оқыту құралдарының қауіпсіздігін;
- шарт бойынша жүргізілетін жөндеу, техникалық қызмет көрсету, материалдық-техникалық жарақтандыру жұмыстарының сапалы және дер кезінде атқарылуын;
- бухгалтериямен бірлесе отырып материалдық жабдықтардың есептен дер кезінде және дұрыс шығарылуын;
- ғимаратының, жабдықты орындарының, сыныптарының, оқу кабинеттерінің, шеберханаларының, спорт залының, басқа да орын-жайлары мен мүліктерінің, медициналық кабинеттің, асхананың тіршілік қауіпсіздігі нормалары мен ережелеріне сәйкес тиісті техникалық және санитарлық-гигиеналық жағдайда ұсталуын, қажетінше күтім жасалуын;
- судың, электр энергиясының, жылудың жұмсалыу шығынын есептеу приборлары көрсеткіштері негізінде тексеріп, жоғары тұрған және бақылаушы мамандандырылған ұйымдарға белгіленген нормамен сәйкестік жөнінде

салыстырып тексеру актісін тапсырады.

**3.7.** жөндеу жүргізу, күтім жасау және жарактандыру жұмыстарының орындалу барысына түзетулер енгізеді.

**3.8. Әзірлейді:**

- өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттамаларды;
- шаруашылық дербестігін кеңейту, коммуналдық және басқа қызмет көрсету түрлері бойынша дер кезінде қажетті шарт жасау жөнінде тиісті шаралар.

**3.9. Қамтамасыз етеді:**

- техникалық күтім жасау, жарактандыру, жөндеу жұмыстары бойынша қажетті шаруашылық шарттарының дер кезінде және орнымен жасалуын;
- материалдық-техникалық жарактар мен жабдықтар алуға есептік шоттардың дер кезінде, дұрыс рәсімделуін және уақтылы алынуын;
- оқу кабинеттері, шеберханалар, тұрмыстық, шаруашылық және басқа орын-жайлар үшін тіршілік қауіпсіздігі ережелері мен нормаларына, еңбек қауіпсіздігі стандарттарына сай, кеңсе заттарының, жұмсалатын материалдардың, жуу құралдарының, жабдықтар мен инвентарлардың дер кезінде алынуын;
- территориясында ауыр нәрселер тасымалдау, түсіру-тиеу жұмыстарын атқару кезінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын;
- негізгі ғимараты мен өзге де орын-жайларын, технологиялық, энергетикалық жабдықтарын пайдалану кезінде еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын; олардың мезгілімен тексеріліп, бақыланылуын;
- жаңа оқу жылына дер кезінде дайын болуын;
- шығын сметасында қарастырылған жергілікті бюджет қаржысы есебінен әкімшіліктің кеңсе тауарларымен, күнделікті қолданылатын шаруашылық заттарымен;
- материалдық құндылықтарының, мүліктерінің, жиһаздары мен инвентарларының ҚР заңнамаларында белгіленген тәртіп бойынша жауапкершілікпен сақталуын;
- өрт қауіпсіздігі инвентарларының есебі алынуын және сақталуын, жұмсақ және қатқыл инвентарлардың құрғатылуын, жуылуын және жөнделуін.

#### **4. Құқықтары**

**4.1.** Қатынасуға:

- кіші қызмет көрсету персоналы кадрларын іріктеуге және орналастыруға;
- жұмыс орындарын аттестаттау жөніндегі комиссия жұмысына;
- әріптестерімен материалдық-техникалық жарактандыру және техникалық қызмет көрсету жөнінде келіссөздер жүргізуге.

**4.2.** Техникалық және қызмет көрсету персоналдары қатарынан өзіне қарасты жұмыскерлерге орындалуы міндетті өкімдер мен нұсқамалар беруге.

**4.3.** Директордың оқу және тәрбие істері жөніндегі орынбасарларына оқушыларды ынталандыру және жазалау туралы ережелерде белгіленген ретпен оқу-тәрбие процестеріне іріткі салатын теріс қылық жасаушы оқушыларды тәртіптік жазаға тарту жөнінде ұсыныс жасауға.

**4.4.** Кіші қызмет көрсетуші персоналдың кез келген жұмыс түрін атқаруы кезінде оған қатынасуға.

**4.5.** Мектеп директорына мектеп қызметкерлерін мүлкін бүлдіргені және еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария мен өрт қауіпсіздігі

- ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс тапсыруға.
- 4.6. Материалдық-техникалық жарактандырылуын жетілдіруге көмек бере алатын тұлғалармен және ұйымдармен мектеп атынан іскерлік қарым-қатынас орнатуға.
  - 4.7. Мектеп директоры уақытша орнында болмаған кездерде (кезекті еңбек демалысына шыққанда, ауырып қалғанда және т. б. жағдайларда) оның міндеттерін атқаруға.  
Міндеттерді атқару директордың бұйрығы негізінде, ҚР заңнамаларына, Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
  - 4.8. Мүліктердің бүтіндігін, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитарлық пен еңбек қорғау ережелерінің сақталуын бақылау үшін кез келген орын-жайына, білім беру процесінің қалыпты ағымын бұзбастан, кедергісіз кіруге.
  - 4.9. Техникалық және қызмет көрсету персоналы еңбегін ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныс ендіруге, жұмыскерлердің бұл категориясын наградаларға және ынталандыру сыйлықтарына ұсынуға.
  - 4.10. Мектеп директорының кіші қызмет көрсету персоналы қызметін ұйымдастыру мәселелеріне байланысты бұйрықтарына виза қоюға.
  - 4.11. Өз біліктілігін арттыруға.

## **5. Жауапкершілігі**

- 5.1. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары мүліктері мен шаруашылық инвентарларының сақталуына, олардың дер кезінде қайта жаңартылып, толықтырылып отыруына, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитарлық және өрт қауіпсіздігі бойынша заң жүзінде белгіленген ережелердің орындалуына жауап береді.
- 5.2. Жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, директордың заңды өкімдерін және жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта қарастырылған лауазымдық міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны, соның ішінде өзіне берілген құқықты пайдаланбағаны үшін директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Еңбек міндеттерін өрескел бұзғаны үшін тәртіптік жаза ретінде қызметінен босатылуы мүмкін.
- 5.3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өрт қауіпсіздігі, еңбек қорғау, санитария-гигиена ережелерін бұзғаны үшін директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары әкімшілік заңнамаларында қарастырылған тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылады.
- 5.4. Өз лауазымдық міндеттерін атқару (атқармау) кезінде немесе білім беру процесіне қатысушыларға келтірген зияны үшін директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары еңбек заңнамасында және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген тәртіп пен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.
- 5.5. Санитарлық-гигиеналық талаптарын сақтау жұмыстарының тәртібін, оқу-материалдық базасының жабдықталуын, сақталуын, шаруашылық қажеттілігіне қаражаттың жұмсалуын, жөндеу жұмыстарының жасалуын тексереді. Коммуналдық мекемелермен келісім-шарттар дайындап, есеп айырысуды жүргізеді. Кіші қызметкерлерінің, тазалаушы мен қарауылдарының жұмысын



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына  
сәйкес бекітілген.



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жабдықтау жөніндегі инженерінің лауазымдық міндеттері  
2023-2024 оқу жылы**

**1.Жалпы ережелер**

1.1. Бұл лауазымдық нұсқаулық жабдықтау жөніндегі инженердің тарифтік-квалификациялық сипаттамасы негізінде жасалды.

1.2. Жабдықтау жөніндегі инженер қызметке директоры тарапынан, оның шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынысымен тағайындалады және босатылады.

1.3. Жабдықтау жөніндегі инженердің жоғары немесе орта кәсіби білімі болуы тиіс (жұмыс стажына талап қойылмайды).

1.4. Жабдықтау жөніндегі инженер тікелей директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына бағынады.

1.5. Жабдықтау жөніндегі инженер өз қызметінде ҚР Конституциясы мен заңнамаларын, ҚР Президентінің жарлықтарын, білім беру ісін басқарушы барлық деңгейдегі органдардың білім беру мекемелері бойынша әкімшілік-шаруашылық мәселелері жөніндегі шешімдерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және өндірістік санитария ережелері мен нормаларын, мемлекеттік стандарттар мен жабдықтарды пайдаланудың техникалық шарттарын, жарғы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, жергілікті құқықтық актілерді, директордың бұйрықтары мен өкімдерін, осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

**2.Функциялары**

2.1. Жабдықтарының жай-күйіне бақылау жасау, дер кезінде жөндеу.

**3.Лауазымдық міндеттері**

Жабдықтау жөніндегі инженер мынандай міндеттерді атқарады:

3.1. Жабдықтарды, компьютерлер мен оргтехникаларды жөндеуге байланысты техникалық ақаулықтар ведомстерін жасайды.

3.2. Электр қуатын үнемді пайдалану жөнінде шаралар қолданады.

3.3. Жаңа оқу жылына қабылдау актісін ресімдеуге тікелей қатысады.

3.4. Негізгі ғимараты мен өзге де жайларын, технологиялық, энергетикалық жабдықтарын пайдалану кезінде еңбек қорғау талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді, оларға мезгіл-мезгіл тексеру жүргізіп отырады.

3.5. Жыл сайын өткізілетін электр қондырғылары мен электр желілерінің, жерге қосу қондырғыларының оқшаулағыш қарсылық күштерін өлшеуге, жылу желісін мезгілдік сынақтан өткізу мен куәландыруға, тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ережелер мен нормаларға сәйкес орын-жайларының ауа құрамындағы шаң, газ, зиянды заттар буы мөлшерін талдауға, жарықты өлшеуге, радиацияның, шудың бары-жоғын тексеруге қатысады.

3.6.Қажетіне қарай компьютерлерді жөндеу жұмыстарын жүзеге асырады (өз күшімен де, жөндеу жүргізуші формалармен шарт жасау арқылы да).



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына  
сәйкес бекітілген.



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің дефектологы А.Пернебектің  
лауазымдық міндеттері  
2023-2024 оқу жылы**

**Лауазымдық міндеттері:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымының, оның ішінде арнаулы мектептердің (мектеп-интернаттардың) арнаулы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес кемтар балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады; даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, Жеке-дамытушы, түзету-дамытушы бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) сабақтар өткізеді;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді; білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады; басқа педагогтермен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім беруде инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді; басқа педагогтармен және мамандармен тығыз байланыста мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады;

тәрбиешілерге, адамдардың (балалардың) ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация береді;

жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының және үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың алуан түрлі нысандарын, білім беру технологияларын, тәсілдерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады;

психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультация беру бағдарламаларын (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар), түзету-дамыту бағдарламаларын (психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм орталықтары және басқа да орталықтар) іске асыратын арнайы білім беру ұйымдарының арнаулы педагогы кемтар балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді; ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалауды жүргізуге қатысады; психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, оңалту орталықтарының, аутизм орталықтарының арнайы педагогы білім беру ұйымының жоспары мен кестесі бойынша жеке, кіші топтық және топтық сабақтар өткізеді;

жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) өткізеді; өзінің кәсіби

құзыреттілігін арттырады; әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады;

ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларға қоғамның толерантты қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды; тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

**Білуге тиіс:** Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзеу арқылы қолдау туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын өзге де нормативтік құқықтық актілері;

өмірлік қиын жағдайда қалған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;

арнайы педагогика; оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері; арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер; педагогикалық этиканың нормалары; еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар.

#### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

жұмыс өтіліне талап қойылмай, "Арнайы білім" бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл.

#### **Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

##### 1) "педагог":

балалардың дамуы мен жағдайын диагностикалау, дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін қолдануы керек;

арнайы мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық, диагностикалық, дамытушылық, коммуникативтік және әдістемелік қызметті жүзеге асыру; дефектологияның заманауи әдістерін қолдану; білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу; балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру; балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу, балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелеу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

##### 2) "педагог – модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

тәрбиеленушілердің дамуында ауытқуларды диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістерін қолдану, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау;

3) "педагог – сарапшы":

"педагог – модератор" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: балалардың дамуындағы ауытқулардың алдын алу және түзету әдістері мен тәсілдерін қолдану;

ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

инновациялық педагогикалық тәжірибені зерттеу және енгізу;

ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын пайдалану, тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог – сарапшы" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

дефектология ғылымының соңғы жетістіктерін пайдалану;

арнайы педагогика және психология;

тәрбиеленушілердің қажеттіліктері мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтай отырып, оқытудың инновациялық технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану;

қызмет бағыты бойынша басқа ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

облыс деңгейінде қызмет бағыты бойынша әдістемелік әзірлемелерінің болуы;

сабақты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын пайдалану, облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде тәжірибені жалпылауға тәлімгерлікті жүзеге асыру;

психологиялық-педагогикалық басылымдарда жарияланымдары болуы;

5) "педагог-шебер":

"педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

арнайы педагогиканың жаңа жетістіктерін енгізу;



педагогикалық зерттеудің әдіснамалық принциптерін басшылыққа ала отырып, өзінің кәсіби қызметінің рефлексиясын жүзеге асыру;

кәсіби даму траекториясына сәйкес өзін-өзі оқыту дағдыларын меңгеру;

авторлық бағдарламаның болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-де мақұлдау алған, басып шығарылған бағдарламалардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болу;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде әлеуметтік педагогтердің кәсіби қоғамдастығы желісін дамытуды жоспарлау, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіби конкурстардың қатысушысы болу.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

 /  / 12.09.2023ж.  
(қолы) (Г. А. Ә.) (күні)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына  
сәйкес бекітілген.



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы Ж.Айтымбетованың  
лауазымдық міндеттері  
2023-2024 оқу жылы**

**Лауазымдық міндеттері:** жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның шағын ортасын, өмір сүру жағдайларын зерделейді, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің мүдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқындағы ауытқуларды анықтайды және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсетеді;

әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, баланың жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша шаралар қабылдайды;

білім алушылар, тәрбиеленушілер және ұйым, отбасы, орта, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында делдал болады;

жеке тұлғаның қоғамдағы өмірге бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды, тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, кемтар балалардың, мүгедек балалардың, бала кезінен мүгедектердің патронат, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүліктік және мүліктік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

сабақтан тыс уақытта білім алушылардың, тәрбиеленушілердің таланттарын, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасайды;

әлеуметтік ортада адамгершілік, адамгершілік сау қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді;

білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен әлеуметтік қызметтер арасындағы байланысты қамтамасыз етеді;

педагогтармен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың, тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

білім беру ұйымдарында білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуге, бекітуге және іске асыруға қатысады;

білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

### **Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер; педагогика және психология, физиология, гигиена; тәрбие жұмысының әдістемесі, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламалары; педагогикалық этиканың нормалары; балалар ұжымдары, ұйымдар мен қауымдастықтар қызметінің негіздері;

еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

жоғары педагогикалық білімі немесе "Әлеуметтік педагог" бағыты бойынша кәсіптік білімі немесе педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат, жұмыс стажына талап қойылмайды; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде әлеуметтік педагог лауазымындағы жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін-кемінде 2 жыл, педагог – сарапшы үшін-кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл және педагог-шебер лауазымындағы жұмыс өтілі – 5 жыл.

### **Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

1) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

озық тәжірибені үйрену, оны тәжірибеде қолдану;

оқу-тәрбие жұмысын талдау дағдысының болуы;

білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу;

2) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

тәрбие жұмысын талдау әдістерін қолдану; шығармашылық семинарларға жетекшілік ету; озық тәжірибені енгізу;

3) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ: ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін қолдану; жаңа әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалар, педагогикалық технологиялар әзірлеу; оларды апробациялау бойынша жұмыс жүргізу;

әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерін әзірлеу бойынша шығармашылық топтардың жұмысына басшылық ету;

4) "педагог-шебер":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын талаптарға, сондай-ақ:

ғылыми-зерттеу, эксперименттік жұмыс әдістерін қолдану;

жаңа әлеуметтік-педагогикалық бағдарламалар, педагогикалық технологиялар әзірлеу; оларды апробациялау бойынша жұмыс жүргізу; әлеуметтік педагогиканың өзекті мәселелерін әзірлеу бойынша шығармашылық топтардың жұмысына басшылық ету;

облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-те мақұлданған әдістемелік материалдардың болуы.

### **Лауазымдық міндетпен таныстым:**

Алиев / М. Ахметбекова / 12.09.2023 жыл  
(қолы) (Т. А. Ә.) (күні)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына  
сәйкес бекітілген.



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы А.Камбарованың  
лауазымдық міндеттері  
2023-2024 оқу жылы**

**Лауазымдық міндеттері:** оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қалыпқа келтіруге, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда әлеуметтік-психологиялық бейімделу қабілетін дамытуға, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде көмек көрсетуге бағытталған қызметті жүзеге асырады;

білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады;

инклюзивтілік қағидатын іске асыруға жәрдемдеседі және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының мінез-құлқының толерантты мәдениетін қамтамасыз етеді;

Балалардың икемділігін дамыту, тұлғаның психологиялық мәдениетін қалыптастыру, қайырымды адами қарымқатынасты қалыптастыру және оқыту, тұлға аралық және іскерлік дау-жанжалдарды шешу, экстремальды жағдайларда көмек көрсету жұмыстарын жүзеге асырады;

5-11 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша жұмысты ұйымдастырып, талдау жасайды;

ҰБТ-ға даярлық жұмыстарында 11-сынып оқушыларына психологиялық көмек көрсетеді;

Арнайы есепте тұрған, суицидке бейімдігі бар, әумесерлік (девиантты) мінез-құлықты балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, «қатерлі» топтағы балалармен алдын алу жұмыстарын жүргізеді;

0,1-4 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша жұмысты ұйымдастырып, талдау жасайды;

буллингтің, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді; білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді;

әр түрлі бағыттағы және бағыттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді, оқыту, тұлғалық даму және мінез-құлық проблемаларын уақтылы анықтайды, психологиялық қорытынды жасайды;

ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауға қатысады және оның негізінде оқушылардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, дамыту бағдарламаларын, сондай-ақ педагог-ассистенттің іске асыруы үшін балалардағы проблемалық мінез-құлықты жеңу бағдарламаларын әзірлейді;

әртүрлі психологиялық проблемалары бар балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға консультациялар, жеке, кіші топтық және топтық дамыту сабақтары нысанында психологиялық көмек көрсетеді; дарынды оқушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады;

ата-аналарға, педагогтерге, мамандарға, нақты психологиялық мәселелерді шешуде консультациялық көмек көрсетеді;

педагогикалық ұжымға, сондай-ақ оқушылардың жеке және әлеуметтік даму проблемалары бойынша оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарына ұсынымдар әзірлеу мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық талдауды жүзеге асырады;

белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата-аналар жиналыстарын, сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;

кәсіби құзыреттілікті арттырады, мектеп жасындағы балалармен психологиялық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын қолданады;

баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі;

балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды;

білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидастарын бойына сіңіреді.

#### **Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

жеке тұлға психологиясы, дифференциалды балалар және жас ерекшеліктері, әлеуметтік, медициналық психология, балалар нейропсихологиясы, патопсихология, психосоматика; педагогикалық этиканың нормалары;

дефектология, психотерапия, сексология, психогигиена, кәсіптік бағдар, мамандану және еңбек психологиясы, психодиагностика, психологиялық кеңес беру және психопрофилактика негіздері;

белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістері; жеке және топтық кеңес берудің, диагностика мен баланың дамуын түзетудің заманауи әдістері, еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар мен нормалар.

#### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

"Педагогика және психология" бағыты бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім "Педагогика және психология", "Әлеуметтік ғылымдар" ("Психология" білім беру бағдарламаларының тобы) кадрларын даярлау бағыттары бойынша, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары немесе орта деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 5 жыл; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-шебер үшін кемінде 5 жыл.

#### **Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

1) "педагог":

заманауи психологиялық әдістерді қолдану керек; балалармен диагностикалық, түзету жұмыстарын жүргізу; балалардың эмоционалды әл-ауқатын, тиімді дамуын қамтамасыз ету; білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру; педагогикалық ұжым мен ата-аналарға психологиялық білім беруді жүзеге асыру;

2) "педагог – модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, балалармен жұмыс жүргізу; балалармен, педагогтармен, ата-аналармен проблемалық (стандартты емес) жағдайларда жұмысты ұйымдастыру; ересектердің балалармен қарым-қатынасын қамтамасыз ету және реттеу; әлеуметтік бейімделудің белсенді әдістерін қолдану; ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;

3) "педагог – сарапшы": "педагог-модератор" біліктілігіне, сондай-ақ:

әр түрлі профильдер мен мақсаттардағы психологиялық диагностиканы жүргізу, балалармен жеке жұмыс жүргізу;

шығармашылық топты басқару, психологиялық – педагогикалық қызметтің өзекті мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға қатысу;

мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық қолдау бойынша ұсыныстар әзірлеу;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау;

4) "педагог-зерттеуші": "педагог-сарапшы" біліктілігіне, сондай-ақ:

психологиялық тексеру және диагностика деректерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасау бойынша психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды дербес әзірлеу, психологиялық қорытынды жасау және түзету жұмыстарын жүргізу;

әдістемелік құралдар, Оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу;

психологиялық-педагогикалық жұмысты ұйымдастырудың инновациялық тәжірибесін енгізу;

балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру бойынша педагогтерге көмек көрсету;

аудан, қала деңгейінде психологиялық - педагогикалық қоғамдастықта тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын айқындау, облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде тәжірибені жинақтау;


5) "педагог-шебер": "педагог-зерттеуші" біліктілігіне, сондай-ақ:


РОӘК-те мақұлданған, авторлық бағдарламасы болуы немесе шығарылған оқу-әдістемелік құралдардың, оқу-әдістемелік кешендердің авторы (тең авторы) болуы;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау;

білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіптік конкурстардың қатысушысы болу.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

  
(қолы)

  
(Т. А. Ә.)

12.09.2023 ж.  
(күні)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына  
сәйкес бекітілген.



**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің педагог-ұйымдастырушысы Г.Мухамедованын  
лауазымдық міндеттері  
2023-2024 оқу жылы**

**Лауазымдық міндеттері:** білім беру ұйымдарында және тұрғылықты жері бойынша білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жас және психологиялық ерекшеліктерін, мүдделері мен қажеттіліктерін зерделейді, оларды іске асыру үшін жағдайлар жасайды;

- ✓ таланттарды, ақыл-ой және дене қабілеттерін дамытуға, жеке тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- ✓ клубтар, үйірмелер, секциялар, балалар бірлестіктерінің жұмысын, балалар мен ересектердің әртүрлі бірлескен қызметін, білім алушылармен, тәрбиеленушілермен жеке жұмысты, дебаттарды, мектеп парламентін ұйымдастырады;
- ✓ ғылыми-техникалық, көркем-шығармашылық, спорттық-туристік және басқа бағыттардың бірін басқарады;
- ✓ қолданыстағы заңнамаға сәйкес баланың қауымдастықтарға, қоғамдық ұйымдарға қатысу құқықтарын іске асыруға ықпал етеді;
- ✓ білім алушылардың, тәрбиеленушілердің кештерін, мерекелерін, жорықтарын, экскурсияларын, каникулдық демалысын ұйымдастырады, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдайды;
- ✓ балалардың мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуын ұйымдастырады;
- ✓ іс-шараларды өткізу кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

**Білуге тиіс:**

- ✓ Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" заңдары және білім беру мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;
- ✓ педагогикалық этиканың нормалары;
- ✓ педагогика және психология, физиология, гигиена, тәрбие жұмысының әдістемесін, үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтық бірлестіктер сабақтарының бағдарламалары;
- ✓ балалар ұжымдарын, ұйымдар мен қауымдастықтар қызметінің негіздерін, еңбек заңнамасы;
- ✓ еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау ережелерін, санитариялық ережелер мен нормалар.

**Біліктілікке қойылатын талаптар:**

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе техникалық және кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат;

және (немесе) біліктілігінің орта немесе жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін кемінде 4 жыл;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде педагог-шебер үшін мамандығы бойынша жұмыс өтілі-кемінде 5 жыл.

**Кәсіби құзыреттілікті айқындай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

1) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуға, сондай-ақ:

11. құрылымдық бөлімшелерде істердің ресімделуінің және қалыптасуының дұрыстығын бақылайды, құжаттардың құндылығын сақтау мен жою үшін іріктеу мақсатында сараптауды ұйымдастырады;
12. құжаттау мен құжаттаманы басқару мәселелері бойынша кеңестер, мәжілістер өткізеді.

#### 4. Құқығы

Іс басқарушы құқықтары:

1. құжаттармен жұмыс жасауда белгіленген ережелердің орындалуын құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан талап етуге және бақылауға;
2. Іс басқарушы жұмысына қажетті мәліметтерді құрылымдық бөлімшелерден сұрауға;
3. мектепте құжат айналымын азайтуға бақылау жасауға;
4. құрылымдық бөлімшелерде құжаттау мен құжаттаманы басқарудың ұйымдастырылуына тексеру жүргізуге, тиісті шара қолдану үшін мектеп басшысына тексеру қорытындысын баяндауға;
5. дайындау барысында белгіленген ережелердің бұзылғаны үшін құжаттарды қайта дайындауға жіберуге;

#### 5. Лауазымы бойынша қарым-қатынастар мен байланыстар

Іс басқарушы

1. құжаттау мен құжаттаманы басқару мәселелері бойынша – мектептің құрылымдық бөлімшелерімен;
2. құжаттарды дайындаудағы құқықтық мәселелер бойынша – білім бөлімінің заңгерімен;
3. құжаттарды мемлекеттік, орыс және басқа да тілдерге аудару мәселелері бойынша ұйымның аударма жұмысы үшін жауапты тұлғасымен;
4. есептеу және ұйымдастырушылық техникаларымен, ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттардың бланкілерімен, кеңсе құралдарымен қамтамасыз ету мәселелері жөнінде мектеп директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарымен қарым-қатынас жасайды.

#### 6. Жұмысты ұйымдастыру және қызметті бағалау талаптары (критерийі) жауапкершілігі

1. Іс басқарушы мектептің ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес жұмыс істейді.
2. Іс басқарушы жұмысының сапасын бағалау және оның лауазымға сәйкестігін шешуде оған қойылатын талаптар:
  - 1) іс қағаз жүргізу жүйесінің негізгі ережелерін білуі;
  - 2) мектептің құрылымын және бөлімшелерін білуі;
  - 3) ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттама жүйесінің біркелкі стандарттарын білуі;
  - 4) хат хабарлардың жүргізілу үрдісін бақылау тәртібін білуі;
  - 5) еңбекті ұйымдастыру мен басқару негіздерін білуі;
  - 6) техника құралдарын пайдалану, еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын білуі;
  - 7) өзінің біліктілігін оқу орталықтарында, курстарды, семинарларда жүйелі түрде арттыруы;
  - 8) мектептің құжаттама жүйесін үнемі жетілдіріп отыру, оның ішінде, іс қағаз жүргізудің қалыптасқан нысанын қазіргі заманғы автоматтандырылған технологияларға ауыстыру, біртіндеп көшіру;
  - 9) өз қызмет бойынша мектеп басшылығы мен жергілікті мұрағаттар мен құжаттама басқару жөніндегі орган тарапынан ескертулер алмау;
  - 10) ішкі еңбек тәртібі ережелерін білу, заңнамаларды бұзбау.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

А.Ирғыз (қолы), Ирғашева Аидаға (Т. А. Ә.), 12.09.2023 м. (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі  
Лауазымдық міндет  
2023-2024 оқу жылы**

**Мектеп директорының хатшысы:** Кудайбергенова Гулбахар Смайловна

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1 Мектеп директорының хатшысы басқару қызметін ұйымдық және құжаттамалық қамтамасыз етеді.
- 1.2 Хатшы лауазымына жоғары немесе арнаулы орта білімі бар және 1 жыл еңбек өтілі бар немесе еңбек өтілі жоқ тұлғалар тағайындалады.
- 1.3 Мектеп директорының хатшысы лауазымына мектеп басшысының бұйрығымен тағайындалады және босатылады. Мектеп директорының хатшысы мектеп басшысына бағынады

Өз қызметінде хатшы мына құжаттарды басшылыққа алады:

Қазақстан Республикасының заң актілері;

Мектептің жарғысы;

«Қызметкерлер туралы» ереже;

Мектеп директорының бұйрықтары (өкімдері);

Ісқағаздарын жүргізуді ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-әдістемелік материалдар;  
осы лауазымдық нұсқаулықты.

**2. Қызметі**

- 2.1. Мектептің құжаттары бойынша ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету. Басшылықты жедел ұйымдастыру қызметімен қамтамасыз ету.

**3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. Құжаттарды қабылдау, тіркеу, есепке алу, орындалуын қадағалау, ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету және құжаттық ақпараттарды сақтау.
- 3.2. Мектеп басшысына қол қоюға апарылатын құжаттардың дайындалуының, дұрыс жасалуының, келісілуінің, бекітілуінің сапасын қадағалайды.
- 3.3. Мектеп басшысының құжаттары мен тапсырмаларының орындалуына бақылау жасайды, олардың уақытылы әрі сапалы жасалуы үшін шұғыл шаралар қолданады.
- 3.4. Дайындықты ұйымдастыру, шешім қабылдау және оны орындау үшін тиісті адамдарға жеткізуді жүзеге асырады. Басшылыққа берілетін анықтамалар мен баяндамаларға талдау жасайды, олар бойынша құзіретті тұжырым ұсынады.
- 3.5. Мектептің ағымдағы қызметіне байланысты білім басқармаларымен (коммерциялық және мемлекеттік) және жеке азаматтармен жедел байланысты жүзеге асырады (телефон, факс және т.б.).
- 3.6. Келушілерді қабылдайды. Құжаттарды көшіріп-көбейту жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді.
- 3.7. Компьютерге басу және көшіріп-көбейту жұмыстарының орындалуын қамтамасыз етеді.

**4. Құқығы**

- 4.1. Қызметкерлер мен мамандардан қажетті материалдарды талап етеді, сонымен бірге басшының тапсырмасын орындауды кешіктіргендігі үшін түсініктеме алады.
- 4.2. Құжаттарды қарап, оларды орындау үшін мектеп басшыларына және мамандарына жібереді.

- 4.3. Мектеп басшысынан қызметтік міндеттерін орындау үшін және жұмыс барысында жинақталған барлық құжаттарды сақтау үшін қажетті жағдай жасауын талап етеді.
- 4.4. Құжаттардың орындалуын тексеру және басшылыққа қажет ақпараттарды ұсынуға байланысты мәселелер бойынша мектептің барлық қызметтерімен (қызметкерлерімен) өзара байланыс жасайды.

## 5. Жауапкершілігі

- 5.1. Мектеп басшысының қол қоюға ұсынылған құжаттардың сапасы.
- 5.2. Құжаттарды тіркеу мен жүргізуге құнтсыз, ұқыпсыз қарау.
- 5.3. Құжаттамалардың сақталуы, «Құпия» деген грифі бар мәліметтердің жария болмауы.
- 5.4. Осы нұсқаулықта қарастырылған лауазымдық міндеттердің анық және уақытылы орындалмауы.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

Кес / Қудайбергенова Тұлбақар / 05.02.2024т  
(қолы) (Т. А. Ә.) (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**  
**Лауазымдық міндет**  
**2023-2024 оқу жылы**

Сантехник – Койманов Ернар Мустафаевич

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Сантехник негізгі жұмысшы санатына жатады.
- 1.2. Сантехник жұмысқа директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен мектеп директорының бұйрығы бойынша қабылданады және босатылады.
- 1.3. Сантехник тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.4. Сантехник өз жұмысын өндірістік жүктеме жоспары, нормаланған тапсырмалар мен осы лауазымдық нұсқаулық негізінде жүргізеді.
- 1.5. Сантехник жұмыста жоқ кездері (уақытша еңбекке жарамсыз жағдайда, кезекті еңбек демалысында, іссапарда жүргенде және басқа дәлелді себептермен) оның міндеттері кәсіби мен біліктілігі сәйкес жұмыскеріне немесе тиісті технологиялық процестерді игере алатын неғұрлым тәжірибелі жұмыскеріне жүктелуі мүмкін. Мұндай жағдайда оның міндеттерін уақытша атқару мектеп директорының ҚР Еңбек кодексі талаптарын сақтай отырып шығарған бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.
- 1.6. Сантехник лауазымына кем дегенде бастауыш кәсіби білімі бар тұлға қабылданады.
- 1.7. Сантехник өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:
  - қабылданған сапа жөніндегі саясатты;
  - Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелерін;
  - еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
  - өз кәсіби нұсқаулығын;
  - орындалатын жұмыстың сапасына, соның ішінде қосымша атқарылатын операциялар мен процестерге қойылатын талаптарды.
- 1.8. Мыналарды білуі тиіс:
  - өз жұмысында қолданылатын жабдықтарды, олардың жұмыс принциптері мен жөндеу тәсілдерін;
  - орындалатын жұмыстардың технологиялық процестерін;
  - ақаулық түрлерін, оларды тудыратын себептерді және олардың алдын алу, ретке келтіру тәсілдерін;
  - жұмыста өзі қолданатын немесе күтім жасайтын жабдықтарды, құрылғылар мен құрал-саймандарды техникалық пайдалану және күтім жасау ережелерін;
  - жұмыс кезінде туындайтын ағымдағы ақаулықтардың себептерін және оларды ретке келтіру әдістерін;
  - материалдық ресурстарды үнемдеу мен тиімді пайдалану режимін;
  - атқарылатын жұмыстарға жұмсалуға тиісті энергия, шикізат және материалдар шығынының нормаларын;
  - санитарлық-техникалық жүйелер мен арматураларды сынақтан өткізу ережелерін;
  - қазандықтарды, бойлерлерді (су жылытатын құрылғылар), калориферлерді (ауа жылытатын, кептіретін аспаптар) және насостарды жұмысқа дайындау және сынақтан өткізу тәсілдерін;

- өз жұмыс орнында еңбекті тиімді ұйымдастыру ретін.

## **2. Функциялары**

- 2.1. Санитарлық-техникалық жүйелер мен арматуралар ақаулықтарын ретке келтіреді.
- 2.2. Ауысымды қабылдау және тапсыру ісіне байланысты жұмыстарды атқарады.

## **3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. Жылу орталығындағы, сумен жабдықтау, канализация және суағар санитарлық-техникалық жүйелеріндегі күрделі детальдар мен тораптарды бөлшектеу, жөндеу және жинап құрастыру.
- 3.2. Санитарлық-техникалық жүйелерді сынақтан өткізу.
- 3.3. Аппаратураларды тексеру және сынақтан өткізу.
- 3.4. Бакылау-өлшеу приборлары қондырылатын орындарды белгілеу.
- 3.5. Күнделікті ғимараттағы санитарлық техникалық детальдарды тексеріп, қажетті істен шыққан бөлшектерді анықтап мектеп басшысына хабарлайды және тапсырыс беріп, сынған жерлерді ауыстырып, жаңартып отырады.

## **4. Құқықтары**

- 4.1. Өз функциональдық міндеттері аясына енетін өндірістік және басқа мәселелер бойынша басқа қызмет орындарымен өзара бірлесіп әрекет етуге.
- 4.2. Өз қызметіне қатысты әкімшілік шешімдерінің жобаларымен танысуға.
- 4.3. Осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған міндеттерге байланысты жұмыстарды жетілдіру жөнінде директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қарауына ұсыныс ендіруге.
- 4.4. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары қарауына сантехникалық жағынан пайдалану және күтім жасау тәртібінің бұзылуына байланысты жаза қолдану туралы ұсыныс жасауға.
- 4.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына атқарылатын жұмыстарға байланысты анықталған барлық кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтар туралы баяндап отыруға.

## **5. Жауапкершілігі**

- 5.1.1 Осы нұсқаулықта қарастырылған өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін ҚР еңбек заңнамалары аясында белгіленген шектерде жауапты.
- 5.1.2 Өз лауазымдық міндеттерін орындау (орындамау) барысында мектепке немесе білім беру процесіне залал келтіретін болса ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен материалдық жауапта болады.
- 5.1.3 Өз қызметін атқару барысында жасаған құқық бұзушылық әрекеттері үшін қолданыстағы ҚР әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамалар аясында белгіленген шектерде жауапты.
- 5.1.4 Жұмыс барысында мектепке келтірген материалдық залалы үшін ҚР еңбек және азаматтық заңнамалар аясында белгіленген шектерде жауапты.
- 5.1.5 Коммерциялық құпиялар мен құпия ақпараттарды жария етпеу жөніндегі қолданыста жүрген нұсқаулықтарды, бұйрықтар мен өкімдерді орындауға міндетті.
- 5.1.6 Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға жауапты.
- 5.1.7 Білім мекемесінің Жарғысын, ішкі еңбек тәртібін, өзінің қызметтік міндетін себепсіз орындамаған жағдайда ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазаға алынады.

## **6. Лауазымы бойынша өзара қарым-қатынастар мен байланыстар**

- 6.1. Өзара бірлесіп әрекет етеді:
  - директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарымен;
  - технология мұғалімдерімен;

- техникалық персоналымен.
- 6.2. Сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған кесте бойынша, нормаланбаған жұмыс күні режимінде жұмыс істейді.
  - 6.3. Жұмыс жоспарын есепке ала отырып әр оқу тоқсаны мен әрбір жұмыс күніне арнап өз жұмысын дербес жоспарлайды.
  - 6.4. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына қажетті ақпараттар мен есеп беру құжаттамаларын дер кезінде ұсынып отырады.
  - 6.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алады, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

Қосеев / Қойманов Э / \_\_\_\_\_  
(қолы) (Т. А. Ә) (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Лауазымдық міндет  
2023-2024 оқу жылы**

**От жағушы:** Султанов Ергали Махамбеткулович  
Калсапаров Бекзат Еркінбекович  
Сапаров Марат Камбаркулович

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. От жағушы қазандық операторы жұмысшылар санатына жатады.
- 1.2. От жағушы қазандық операторы жұмысқа мектеп директоры тарапынан, оның шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен, еңбек өтіліне талап қойылмастан қабылданады және босатылады.
- 1.3. От жағушы қазандық операторы тікелей мектеп директорның шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады және есеп береді.
- 1.4. От жағушы қазандық операторы болмаған кезде оның құқықтары мен міндеттері ұйымның бұйрығымен жарияланған басқа лауазымды тұлғаға беріледі.

**2. Функциялары**

- 2.1. От жағушы қазандық операторы қызметінің негізгі бағыты жылу беру жабдықтарының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп мекеменің жылту жүйесінің үздіксіз жұмыс жасауын ретке келтіреді.

**3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. От жағушы қазандық операторы қатты отынмен (көмір) жұмыс істейтін қазандықтардың жұмыс жасау техникасын бақылайды.
- 3.2. Судың (будын) қажетті мөлшерде және белгіленген параметрлерде үздіксіз өндірілуін қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қолданады.
- 3.3. Ауысым журналын жүргізеді және жұмыс барысында туындаған барлық ескертулерді дер кезінде жазып мектеп әкімшілігіне хабарлап отырады.
- 3.4. Көмірдің шығынын күнделікті жазып отырады.
- 3.5. Қазандықтарды, олардың көмекші механизмдерін, аспаптарын жоспарлы тексеруді жүзеге асырады және қазандық агрегаттарын жоспарлы профилактикалық жөндеуге қатысады.

От жағушы қазандық операторы білуі керек:

- 3.6. Бу және ыстық су қазандықтарын жобалау және қауіпсіз пайдалану ережелерін, бу қазандықтарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты;
- 3.7. Қатты отынмен (көмір) жабдықтарын қауіпсіз пайдалану ережелерін;
- 3.8. Жұмыс кезінде пайда болатын қауіпті және зиянды факторлардың орын алғанда басшылыққа хабарлау;
- 3.9. Өндірістік санитария, электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң орындауға;
- 3.10. Жұмыс барысында жеке қауіпсіздің қорғаныс құралдарын пайдалану.




#### 4. Жауапкершілігі

- 4.1. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек тәртібі, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін.
- 4.2. Жоспарлы-алдын алу мақсатындағы жөндеу жұмыстарының дер кезінде және сапалы жүргізілуіне, от жағушы кінәсінен жылу берілмей қалуына.
- 4.3. Жұмыс орнын таза және тәртіппен ұстау.
- 4.4. Өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамаларында белгіленген шектерде жауапты.
- 4.5. Өз лауазымдық міндеттерін орындау (орындамау) барысында мектепке немесе білім беру процесіне залал келтіретін болса ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен материалдық жауапта болады.
- 4.6. Білім мекемесінің Жарғысын, ішкі еңбек тәртібін, өзінің қызметтік міндетін себепсіз орындамаған жағдайда ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазаға алынады.
- 4.7. Еңбекті қорғау, өндірістік санитарлық және өрт қауіпсіздігінің жалпы ережелері мен нормаларын, сондай-ақ мектептің жарғысы мен ішкі еңбек тәртібі ережелері мен осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

#### 5. Құқықтары

- 5.1. Өз функциональдық міндеттері аясына енетін өндірістік және басқа мәселелер бойынша басқа қызмет орындарымен өзара бірлесіп әрекет етуге.
- 5.2. Өз қызметіне қатысты әкімшілік шешімдерінің жобаларымен танысуға.
- 5.3. Осы лауазымдық нұсқаулықта қарастырылған міндеттерге байланысты жұмыстарды жетілдіру жөнінде директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары қарауына ұсыныс ендіруге.
- 5.4. Басшылықты қажетті материалдармен, жабдықтармен, құралдармен, жұмыс киімдерімен, өртке қарсы құралдармен және жеке қорғаныс құралдарымен уақтылы қамтамасыз етуді талап етуге.
- 5.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына атқарылатын жұмыстарға байланысты анықталған барлық кемшіліктер мен тәртіп бұзушылықтар туралы баяндап отыруға.
- 5.6. Осы нұсқаулықта қарастырылған міндеттемелерге байланысты жұмысты жақсарту үшін басшылыққа ұсыныстар жасауға.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

 (қолы)		Сапаров (Т. А. Ә.)		Марат (күні)
 (қолы)		Ғасанов (Т. А. Ә.)		Бекзат (күні)
 (қолы)		Султанов (Т. А. Ә.)		Ермаш (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»**

**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Лауазымдық міндет**

**2023-2024 оқу жылы**

**Калмуратов Токтасын Урисбаевич - мектеп электрiгi**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Электрик жұмысшылар санатына жатады.
- 1.2. Бұл лауазымға тағайындау және босату мектеп директоры тарапынан директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен жүзеге асырылады.
- 1.3. Электрик тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.4. Біліктілік талаптары бойынша электрик лауазымына бұл мамандыққа сәйкес бастауыш кәсіби немесе орта білімі, кем дегенде 5 жыл жұмыс стажы бар тұлғалар тағайындалады. Электрик санаты 1000 В-қа дейінгі 4-қауіпсіздік тобынан төмен болмауы тиіс.

**2. Функциялары**

2. Электрик қызметінің негізгі бағыты электр жабдықтарының қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

**3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. Қызмет көрсететін қондырғылар мен электр жабдықтарының қалыпты жағдайда, қауіпсіз және сенімді жұмыс істеп тұруын қамтамасыз етеді.
- 3.2. Мекеменің барлық электр жүйелерінің дұрыс жұмыс жасауын қадағалайды.
- 3.3. Мекемедегі электр есептегіш, қосып – ажыратқыштар және басқа да электр бұйымдарының қалыпты жұмыс жасауын қадағалау.
- 3.4. Күнделікті ғимараттағы электрлі бұйымдарды тексеріп, қажетті істен шыққан электр құрылғыларыды анықтап мектеп басшысына хабарлайды және тапсырыс беріп, сынған жерлерді ауыстырып, жаңартып отырады.
- 3.5. Жаңа электр желілерін монтаждайды.
- 3.3. Жабдықтардың электрлік бөліктеріне белгіленген кестеге сәйкес жоспарлы-алдын алу бағытындағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.
- 3.4. Тозу себептерін айқындайды, олардың алдын алу және ретке келтіру шараларын қолданады.
- 3.5. Электр құрылғылармен жұмыс жасайтын қызметкерлерді /аспазшылар, көмекшілер, от жағушы, информатика пәнінің мұғалімдеріне және жалпы компьютермен жұмыс жасайтын қызметкерлерге, кір жуушыға/ еңбек қауіпсіздігі ережелерімен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
- 3.6. ТП-2 трансформаторы мен электр желілерінің техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға, қолданыстағы техникалық шарттар мен нормаларға сәйкес дұрыс пайдаланылуын, жөндеу жұмыстарының дер кезінде әрі сапалы жүргізілуін қамтамасыз етеді.
- 3.7. Қондырғылар жұмысындағы ауытқуларды жояды, оларды жөндейді, мотаждайды, реттейді.
- 3.8. Қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.

#### 4. Құқықтары

- 4.1. Директордың қарауына мектептің, кабинеттердің электрлік қызмет көрсету ісін жақсарту, технологиялық процестерді жақсарту, қондырғылар мен жабдықтарды жетілдіру, еңбек эстетикасын көтеру бағытында ұсыныстар ендіруге.
- 4.2. Қалыпты еңбек жағдайларының жасалуын қамтамасыз етуді талап етуге.
- 4.3. Жоғары тұрған ұйымдардың әдіскер-энергетигінен учаскеде пайда болған жұмыстың жаңа түрлері туралы ақпараттар мен нұсқаулықтар алуға.
- 4.4. Әкімшіліктен еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақталуын талап етуге.
- 4.5. Қолданыстағы нормаларға сәйкес арнаулы киімдермен қамтамасыз етуді талап етуге.

#### 5. Жауапкершілігі

- 5.1. Электр қондырғылары мен электр жабдықтардың ережеге сай пайдалануын және сақталуын бақылау және қамтамасыз ету.
- 5.2. Жабдықтардың электр қауіпсіздігі жөнінен дұрыс пайдаланылуына.
- 5.3. Жоспарлы-алдын алу мақсатындағы жөндеу жұмыстарының дер кезінде және сапалы жүргізілуіне, электрлік кінәсінен жабдықтардың бос тұрып қалуына.
- 5.4. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына.
- 5.5. Жұмыс орнын таза және тәртіппен ұстауға.
- 5.6. Өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамаларында белгіленген шектерде жауапты.
- 5.7. Өз лауазымдық міндеттерін орындау (орындамау) барысында мектепке немесе білім беру процесіне залал келтіретін болса ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен материалдық жауапта болады.
- 5.8. Білім мекемесінің Жарғысын, ішкі еңбек тәртібін, өзінің қызметтік міндетін себепсіз орындамаған жағдайда ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазаға алынады.

#### 6. Қарым-қатынас және лауазымдық байланыстар

- 6.1. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарымен тікелей жұмыс жасайды.
- 6.2. Білім беру мекемесі директорының бекіткен кестесіне сәйкес жұмыс жасайды.
- 6.3. Жұмыс жоспарын ескере отырып өз жұмысын әрбір оқу тоқсанына және әрбір жұмыс күніне арнап дербес жоспарлайды.
- 6.5. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарынан нормативтік-құқықтық және ұйымдық-әдістемелік сипатта ақпараттар алып, тиісті құжаттармен қол қоя отырып танысады.
- 6.6. Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары басшылығымен қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқама, жөн-жоба алады.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

Талмуратов А / Талмуратов А / 12.09.2023 а  
(қолы) (Т. А. Ә.) (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Лауазымдық міндет**

**2023-2024 оқу жылы**

**Мектеп күзетшілер:** 1. Байташов Сейтмахамедтила  
2. Асилбаев Ерболат Босынбаевич  
3. Асанов Марат Мухтарович

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Мектеп күзетшісі директоры тарапынан директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынысы бойынша білімі мен еңбек өтіліне талап қойылмастан қабылданады және босатылады.
- 1.2. Мектеп күзетшісі директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына тікелей бағынады.
- 1.3. Мектеп күзетшісі өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:
  - ғимараттар мен құрылыстарды күзету жөніндегі ережелер мен нұсқаулықтарды;
  - еңбек қорғау, өндірістік санитарлық және өртке қарсы қорғаныс жөніндегі жалпы ережелер мен нормаларды;
  - Мектеп жарғысы мен ішкі еңбек тәртібі ережелерін;
  - осы нұсқаулықты.

**2. Атқаратын функциялары**

Мектеп күзетшісі қызметінің негізгі бағыттары мыналар:

- 2.1. мектеп ғимаратын, мектептің мүліктерін күзету;
- 2.2. мектеп территориясын күзету.

**3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. Күзетілетін объектінің бүтіндігін әкімшілік өкілімен немесе ауысатын күзетшімен бірге тексереді (құлыптарды және басқа бекіту қондырғыларын; пломбылардың орнында тұрған-тұрмағанын, өртке қарсы қолданылатын инвентарларды; сигнал беру, сымтетік, жарық беру жүйелерінің дұрыс жұмыс істеп тұрған-тұрмағанын).
- 3.2. Күзетілетін объектіні сыртынан және (немесе) ішінен бір ауысымда кем дегенде үш рет айналып тексеріп шығады.
- 3.3. Объектіні күзету үшін қабылдауға болмайтын бүліну жағдайлары (есіктердің, терезелердің, құлыптардың сынуы, пломбылар мен мөрлердің және т. б. болмауы) анықталған кезде, бұл жайлы өзі бағынатын тұлғаға, әкімшілік өкіліне және полиция бөлімшесінің кезекшісіне хабарлап, полиция өкілдері келгенше қылмыс іздерін күзетеді.
- 3.4. Объектіде өрт шыққан жағдайда дабыл көтереді, өрт сөндіру командасына және полиция бөлімшесінің кезекшісіне хабарлайды, өртті сөндіру бағытында тиісті шаралар қолданады.
- 3.5. Кезекшілікті қабылдау және тапсыру жұмыстарын журналға тиісті жазбалар түсіре отырып жүргізеді.

**4. Құқықтары**

- 4.1. Қарауылдық орын-жай мен жабдықтар бөлдіруге.
- 4.2. Белгіленген нормалар бойынша арнаулы киімдер алуға.

## 5. Жауапкершілігі

- 5.1. Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелерін, әкімшілігінің заңды бұйрықтары мен өкімдерін және өзге де жергілікті нормативтік актілерді, осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.
- 5.2. Өз лауазымдық міндеттерін орындау (орындамау) барысында мектепке немесе білім беру процесіне залал келтіретін болса ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіппен материалдық жауапта болады.
- 5.3. Білім мекемесінің Жарғысын, ішкі еңбек тәртібін, өзінің қызметтік міндетін себепсіз орындамаған жағдайда ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазаға алынады.

## 6. Лауазым бойынша өзара қарым-қатынастар, байланыстар

- 6.1. Білім беру мекемесі директорының бекіткен жұмыс кестесіне сәйкес нормаланған жұмыс күні режимінде (ұйықтауға құқық берілмейді) жұмыс жасайды.
- 6.2. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары басшылығымен қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі техникасы бойынша нұсқаулар алады.

### Лауазымдық міндетпен таныстым:

<u>А.В.Е.</u> (қолы)		<u>Асқабәев Е</u> (Т. А. Ә.)		<u>12023 12.09</u> (күні)
<u>А.В.</u> (қолы)		<u>Асанов М</u> (Т. А. Ә.)		<u>12.09.2023</u> (күні)
<u>А.В.</u> (қолы)		<u>Байташов.С.</u> (Т. А. Ә.)		<u>14.09.2023</u> (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»**

**коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Лауазымдық міндет**

**2023-2024 оқу жылы**

**Аула сыпырушы- Куанышова Улбосын Бектемировна**

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Аула сыпырушы жұмысқа мектеп директоры тарапынан, оның шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен, біліміне және еңбек өтіліне талап қойылмастан қабылданады және босатылады.
- 1.2. Аула сыпырушы тікелей директордың шаруашылық жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.3. Аула сыпырушы өз жұмысында мыналарды басшылыққа алады:
  - мектеп территориясын таза ұстау жөніндегі санитарлық-гигиеналық ережелерді;
  - күтіміндегі жабдықтар мен құрылғылардың жұмыс істеу ережесін;
  - жинап тазалау тәртібін;
  - техникалық инвентарларды қауіпсіз пайдалану ережелерін;
  - жалпы еңбек қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын, сондай-ақ мектеп Жарғысы мен Ішкі еңбек тәртібі ережелерін және осы нұсқаулықты.

**2. Функциялары**

Аула сыпырушы қызметінің негізгі бағыты – территориясындағы өзіне бекітілген учаскенің тиісті санитарлық жағдайда және тәртіпте ұсталуын қамтамасыз ету.

**3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. Территориясындағы өзіне бекітілген учаскені, соның ішінде ғимаратқа кіре берісті, кіретін және шығатын жолдарды балалар келгенше 30 минут бұрын жинап тазалайды.
- 3.2. Техникалық инвентарлар көмегімен территориясындағы өзіне бекітілген учаскені сыпырып тазалайды, қоқыстарын шығарады.
- 3.3. Территориясында санитарлық және гигиеналық ережелерді сақтайды.
- 3.4. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.
- 3.5. Бекітілген учаскесінде тәртіп сақталуын қадағалайды, оқушылар тарапынан тәртіптің өрескел бұзылуына жол бермес үшін әдепті түрде оның алдын алып отырады, егер олар заңды талаптарға бағынбаған жағдайда бұл туралы кезекші педагогқа хабарлайды.
- 3.6. Әрбір жұмыс күнінің басында және аяғында жабдықтардың, құлыптар мен өзге де бекіту қондырғылардың, терезе әйнектерінің бүтіндігін тексеру мақсатында өзіне бекітілген учаскені аралап шығады.
- 3.7. Қысқы уақыттары мектеп ауласы, спорттық-ойын алаңдарын, жүргінші жолдарын, баспалдақтарды күн сайын қардан, мұздан тазартып, мұзды тайғақты жерлерге құм себеді, жаз уақыттарында мектеп ауласын сырлап, тазалық сақтауға міндетті.

**4. Құқықтары**

- 4.1. Техникалық инвентарлар алуға және оларды сақтайтын орын бөлдіруге.
- 4.2. Белгіленген нормалар бойынша арнаулы киімдер алуға.

### 5. Жауапкершілігі

- 5.1. Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелерін, мектеп әкімшілігінің заңды бұйрықтарын осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін еден жуушы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.
- 5.2. Өз лауазымдық міндеттерін атқару (атқармау) барысында келтірген зияны немесе білім беру процесіне қатысушыларға тигізген залалы үшін аула сыпырушы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген ретпен көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады.

### 6. Қарым-қатынас. Қызметтік байланыстар

- 6.1. Білім беру мекемесі директорының бекіткен жұмыс кестесіне сәйкес нормаланған жұмыс күні режимінде жұмыс жасайды.
- 6.2. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары басшылығымен санитарлық және гигиеналық ережелері, жинап тазалау, техникалық инвентарларды қауіпсіз қолдану, сондай-ақ еңбек қорғау мен өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормалары жөнінде нұсқаулықтар алады.
- 6.3. Жиналып тазаланатын учаскеде электрлік және санитарлық-гигиеналық жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуі, есіктердің, құлыптардың, әйнектердің, бекіткіш тетіктердің және т. б. сынуы, бүлінуі туралы тез арада ғимарат, құрылыс және жабдықтар күтіміне қарап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшыға хабарлайды.

Лауазымдық міндетпен таныстым:

Қып (қолы) | Қуанышова (Т. А. Ә.) | Құбосып 12 09 2023 (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Лауазымдық міндет**

**2023-2024 оқу жылы**

Бубеева Рабига Таскуловна – вахтер  
Ашекеева Лайла Айтбаевна – вахтер

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Вахтер білім беру мекемесінің директорының бұйрығымен жұмысқа алынады және жұмыстан босатылады. Вахтер лауазымының кәсіби білімі бар, жұмыс өтілісіз, арнайы дайындықсыз тұлға тағайындалады.
- 1.2. Вахтер тікелей білім беру мекемесінің директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.3. Вахтер өз жұмысында нормативті құжаттар мен бұйрықтар, нұсқаулықтар, еңбекті сақтау нормалары мен ережелер қауіпсіздік техникасы, өндірістің санитария, өрт қауіпсіздігі, сонымен қатар Жарғы мен ішкі тәртіп ережелері және осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

**2. Функциясы**

- 2.1. Вахтердің негізгі жұмысы Білім беру мекемесіндегі қауіпсіздік шараларын іске асыру.

**3. Қызметтік міндеті**

- 3.1. Білім мекемесінің кіреберісіне кезекшілік жасайды.
- 3.2. I және II ауысым уақытында мектеп фойесін күзету жөніндегі ережелер мен Нұсқаулықтарды қатаң сақтайды;
- 3.2. Мекеме қызметшілерін өткізеді, бөгде адамдарды құжаттары бойынша өткізеді.
- 3.3. Қақпаны ашып, жабады.
- 3.4. Кезекшілікті қабылдау, тапсыру туралы жазба жасайды.
- 3.5. Кіре берістегі санитарлық тазалыққа қарайды, жауап береді.
- 3.6. Білім мекемесінде этикалық нормаларды сақтайды. Қоғамдық орындарда қолданылатын заңдарды сақтайды.

**Білуі қажет**

Нормативті заңдылық актілерін, нұсқаулықтарды, білім беру мекемесінің Жарғысын білім мекемесінің қауіпсіздік ережелерін, еңбек қорғау негізін, техникалық құралдарды пайдалануды, ішкі сыртқы еңбек ережелері мен нормаларын, техника қауіпсіздігін, өндірістік тазалық пен өрт сөндіру ережелерін білуі тиіс.

**4. Құқықтары**

4. Қажет жағдайда Білім мекемесінің әкімшілігінен немесе қызметшілерінен қажетті ақпаратты сұрай алады.

**5. Жауапкершілігі**

- 5.1. Білім мекемесінің Жарғысын, ішкі еңбек тәртібін, өзінің қызметтік міндетін себепсіз орындамаған жағдайда ҚР Еңбек кодексіне сәйкес тәртіптік жазаға алынады.
- 5.2. Білім мекемесіне нұқсан келетін жағдайда ҚР Еңбек кодексіне келтіргені үшін оның орнын толтырады.

**6. Өзара қатынас. Лауазымдық байланыс**

- 6.1. Білім беру мекемесі директорының бекітілген кестесіне сәйкес жұмыс жасайды.
- 6.2. Еңбек ету барысында мекеменің педагогтары мен қызмет ету персоналымен бірігіп өзара қарым-қатынас жасайды.

**Лауазымдық міндетпен таныстым:**

Бубеева Рабиға | Бубеева Рабиға | 12.09.2023ж.  
(қолы) (Т. А. Ә.) (күні)

Ашкеева Рабиға | Ашкеева Рабиға | 12.09.2023ж.  
(қолы) (Т. А. Ә.) (күні)



**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
Лауазымдық міндет  
2023-2024 оқу жылы**

**Жұмысшылар:** Укибаева Мұхаббат Смаиловна -1,0  
Туленова Шолпан Кошановна -0,5  
Сапаров Марат Камбаркулович -0,5

### 1. Жалпы ережелер

- 1.1. Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, тазалау, жөндеу жүргізуші жұмысшы 18 жастан асқан тұлғалар арасынан білімі мен жұмыс тәжірибесіне талап қойылмастан директоры тарапынан директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары ұсынысымен қабылданады және босатылады.
- 1.2. Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, тазалау, жөндеу жүргізуші жұмысшы тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.3. Ғимарат, құрылыс, жабдықтарға ағымдағы күтім, жөндеу жүргізуші жұмысшы өз ісінде мыналарды басшылыққа алады:
  - ғимараттардың санитарлық жағдайы, абаттандырылуы, сыртқы көрінісі мен жай-күйі, тазалығы қадағалайды;
  - мектеп аула күтімінің, қоқыс салғыштар және т. б. таза ұстаудың санитарлық-гигиеналық ережелерін;
  - күтімге алынған жабдықтарды пайдалану ережелерін;
  - жинап тазалау, жөндеу-құрылыс, слесарлық, электротехникалық және дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін;
  - еңбек қорғау, өндірістік санитарлық және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын;
  - Мектеп жарғы мен ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, осы нұсқаулықты.

### 2. Функциялары

- 2.1. Мектеп ғимараты мен оның территориясы күтімін тиісті қалыпта ұстау.
- 2.2. Қалыпты қызметін қамтамасыз ететін орталық жылу, сумен, жылумен, газбен және энергиямен жабдықтау, канализация, суағар, желдеткіш, ауа алмастыру жүйелерін жұмыс жағдайында ұстау.
- 2.3. Әр түрлі бағыттағы ғимараттар мен мектеп мүліктерінің ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу.

### 3. Лауазымдық міндеттері

- 3.1. Мектеп ғимараттарын, құрылыстарды, жабдықтар мен механизмдерді маусымдық дайындықтардан өткізеді.
- 3.2. Мектеп қызметкерлерінің сұранысы бойынша зақымданған, бүлінген ақаулықтарды қалпына келтіреді.
- 3.3. Күтімге алынған ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтар мен механизмдерді уақтылы байқаудан өткізеді, оларға техникалық күтім жасап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл орайда тақтай төсемдерді, тіректерді, аспалы және басқа сақтық, қауіпсіздік және көтергіш құрылғыларды пайдалана отырып жөндеу-құрылыс жұмыстарының барлық түрін (сылау, бояу, түс қағаздар жапсыру, бетон құю, балташылық, ағаш бұйымдарын





**«№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Лауазымдық міндет  
2023-2024 оқу жылы**

- Еден жуушылар:**
1. Ахмедова Парида Дарибаевна -1
  2. Тоштемирова Гуьнара Улмасовна
  3. Тажибаева Асемкул Дарибаевна -1
  4. Калыбаева Жанар Жиенбаевна -1
  5. Туленова Шолпан Кошановна -0,5

**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. Еден жуушы жұмысқа білімі мен жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарсыз мектеп директоры тарапынан директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары ұсынысымен қабылданады және босатылады.
- 1.2. Еден жуушы тікелей директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына бағынады.
- 1.3. Еден жуушы өз жұмысында мектеп мүлкін күтіп ұстау жөніндегі санитарлық және гигиеналық ережелерді; жинап тазалау ережелерін; жуу және дезинфекциялау құралдарын қауіпсіз қолдану ережелерін; санитарлық-техникалық жабдықтарды пайдалану ережелерін; еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарлық және өрт қауіпсіздігінің жалпы ережелері мен нормаларын, сондай-ақ мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелері мен осы нұсқаулықты басшылыққа алады.

**2. Функциялары**

Еден жуушы жұмысының негізгі бағыты – ғимаратының өзіне бекітілген учаскесін тиісті санитарлық жағдай мен тәртіпте таза ұстау.

**3. Лауазымдық міндеттері**

- 3.1. Өзіне бекітілген қызметтік және оқу орын-жайларын (сынып бөлмелерін, кабинеттерді, дәліздерді, баспалдақтарды, санитарлық тораптарды, әжетханаларды және т. б.) жинап тазалайды.
- 3.2. Қабырғаларды, едендерді, терезе жақтаулары (кәсекілері) мен әйнектерін, жиһаздар мен төсеніш бұйымдарын қолмен немесе машинамен, не ыңғайластырылған құралдармен шаңнан тазартады, сыпырады және жуады.
- 3.3. Қабырғаларды 2% сабынды содалы ертінділермен жуып, таза шүберекпен сүртеді. Барлық кабинеттерді, терезе алды, есік тұтқасы, парталарды 1% хлор ертіндісімен жуып шайады.
- 3.4. Урналарды қағаздардан тазартады және дезинфекциялағыш ертіндімен жуады, коқыстарды жинап, белгіленген орынға апарып тастайды.
- 3.5. Унитаздарды, раковиналарды және басқа да санитарлық-техникалық жабдықтарды тазалап, дезинфекциялайды.
- 3.6. Тазартылатын орын-жайларда санитарлық-гигиеналық ережелерін сақтайды, оларды желдетеді; белгіленген режим бойынша жарықты жағып, өшіреді.
- 3.7. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып қажетті жуу және дезинфекциялау ертінділерін әзірлейді. Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтайды.
- 3.8. Бекітілген учаскесінде тәртіп сақталуын қадағалайды, оқушылар тарапынан тәртіптің өрескел бұзылуына жол бермес үшін әдепті түрде оның алдын алып отырады, егер олар заңды талаптарға бағынбаған жағдайда бұл туралы кезекші педагогқа хабарлайды.

- 3.9. Әрбір жұмыс күнінің басында және аяғында жабдықтардың, жиһаздардың, құлыптар мен өзге де бекіту кондырғыларының, терезе әйнектерінің, шүмектердің (крандардың), раковиналардың, санитарлық тораптардың, электр приборларының (ажыратқыштардың, розеткалардың, лампочкалардың және т. б.) және жылыту приборларының дұрыс жұмыс істеп тұрған-тұрмағанын тексеру мақсатында өзіне бекітілген учаскені аралап шығады. Мектеп директоры бекіткен кезекшілік кестесіне сәйкес өз уақытында кезекшілікте тұрады.

#### 4. Құқықтары

- 4.1. Жуу құралдарын, инвентарларын және сұрткіш материалдар алуға, оларды сақтайтын орын бөлдіруге.
- 4.2. Белгіленген нормалар бойынша арнаулы киімдер алуға.

#### 5. Жауапкершілігі

- 5.1. Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережелерін, мектеп әкімшілігінің заңды бұйрықтарын осы нұсқаулықта белгіленген лауазымдық міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындамағаны үшін еден жуушы еңбек заңнамаларында белгіленген ретпен тәртіптік жауапкершілікке тартылады.
- 5.2. Өзіне бекітілген жұмысты атқару кезінде келтірген залалы немесе оқу процесіне қатысушыларға тигізген зияны үшін еден жуушы еңбек және (немесе) азаматтық заңнамаларда белгіленген көлем шегінде материалдық жауапкершілікке тартылады. Техникалық қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігін және санитарлық гигиеналық талаптарды орындамаса, әкімшіліктің көрсетілген заңнамасы бойынша әкімшілік жауапқа тартылады.
- 5.3. Еңбек Кодексінің міндеттерін дөрекі бұзу себептерінен жұмыстан босатылады.

#### Қарым-қатынас. Қызметтік байланыстар

- 6.1. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары ұсынып, директоры бекіткен сағаттық жұмыс аптасы негізінде жасалған график бойынша, нормаланған жұмыс күні режимінде еңбек етеді.
- 6.2. Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары басшылығымен санитария және гигиена ережелері, жинап тазалау, жуу, дезинфекциялау құралдарын қауіпсіз қолдану, санитарлық-техникалық жабдықтарды пайдалану, сондай-ақ қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелері бойынша нұсқаулықтар алады.
- 6.3. Жиналып тазаланатын учаскеде электрлік және санитарлық-гигиеналық жабдықтардың дұрыс жұмыс істемеуі, есіктердің, құлыптардың, әйнектердің, бекіткіш тетіктердің және т. б. сынуы, бүлінуі туралы тез арада ғимарат, құрылыс және жабдықтар күтіміне қарап, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшыға хабарлайды.

#### Лауазымдық міндетпен таныстым:

<i>Аманжол</i>	<i>Аманжол</i>	<i>Түркістан</i>	<i>12.09.23</i>
(қолы)	(Т. А. Ә)		(күні)
<i>Аманжол</i>	<i>Қамбаева</i>	<i>Жанар</i>	<i>12.09.23 жыл.</i>
(қолы)	(Т. А. Ә)		(күні)
<i>Аманжол</i>	<i>Қашымбаева</i>	<i>Нәсімқұл</i>	<i>13.09.23 жыл</i>
(қолы)	(Т. А. Ә)		(күні)
<i>Аманжол</i>	<i>Ашуленова</i>	<i>Малжан</i>	<i>13.09.23 жыл</i>
(қолы)	(Т. А. Ә)		(күні)
<i>Аманжол</i>	<i>Түркістан</i>	<i>Түркістан</i>	<i>02.10.23 жыл.</i>
(қолы)	(Т. А. Ә)		(күні)